

1. 2023 жылдың 1 жартыжылдығында жылу қуатын өндіру, беру және тарату, жабдықтау бойынша «Теплокоммунэнерго» МКК инвестициялық бағдарламасының орындалуы туралы ақпарат

«Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті» РММ және 17.06.2021 жылғы № 91-ОД және «Шығыс Қазақстан облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ 18.06.2021 жылғы № 55 бірлескен бұйрығымен 2022 жылғы 1 қазаннан 2023 жылғы 30 қыркүйекке дейінгі мерзімге «Теплокоммунэнерго» МКК жылу қуатын 38 473,23 мың теңге сомаға, жылу қуатын беру және таратуды 153 018,00 мың теңге сомаға, жылу қуатымен жабдықтау 5 813,42 мың теңге сомаға, **жалпы сомасы ҚҚС-сыз 197 304,66 мың теңге сомаға** өндірудің инвестициялық бағдарламасы бекітілді.

2023 жылғы 27 наурызда ТМРК Абай облысы бойынша департаменті мен Абай облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының бірлескен бұйрығымен жылу қуатын беру және тарату жөніндегі бекітілген инвестициялық бағдарламаға өзгерістер енгізіліп, «жаңа» шаралар бекітілді.

Инвестициялық бағдарламаларды іске асыру көзі тарифтік сметада ескерілген кәсіпорынның жеке қаражаты болып табылады.

2022 жылғы 1 қазаннан бастап 2023 жылғы 30 қыркүйекке дейінгі кезеңге арналған жылу қуатын беру және тарату қызметтері бойынша бекітілген инвестициялық бағдарламалық іс-шаралар толығымен орындалды.

Мәселен, инвестициялық бағдарламалық іс-шараларды іске асыру бойынша мемлекеттік сатып алу қорытындысына қарай сатып алынды: көлемі 3 текше метрді құрайтын фронтальды тиегіш, бульдозер, доңғалақты экскаватор, айналым сорғылары, 110 кВт электр қозғалтқышы бар 1Д 315-71 сорғылары, 5,5 кВт. электр қозғалтқышы бар 1К20 / 30 сорғылары.

Осылайша, 153 018,00 мың теңге сомасында бекітілген инвестициялық бағдарламамен нақты орындалғаны 152 728,37 мың теңгені құрады, 5,5 кВт. электр қозғалтқышы бар 1К20 / 30 сорғыларын мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде 289,63 мың теңге сомасында шартты үнем алынды.

2022 жылдың 1 қазанынан бастап 2023 жылдың 30 қыркүйегіне дейінгі кезеңге жылу қуатын өндіру қызметтеріне бекітілген инвестициялық бағдарламаға сәйкес кәсіпорын 2023 жылдың 03 шілдесінде Абай облысы бойынша ТМРК департаментіне қаралуда жатқан, бекітілген инвестициялық бағдарламаны өзгерту (түзету) туралы өтініш берді. Бұл ретте инвестициялық бағдарламаның сомасы 38 473,23 мың теңге сомасында өзгеріссіз қалады.

2022 жылғы 01 қазаннан 2023 жылғы 30 қыркүйекке дейінгі кезеңге жылу қуатын өндірудің аталған Инвестициялық бағдарламасына мына іс-шаралар кірді:

- «35 квартал» қазандығында ДКВР қазанын жөндеу, 10-13 ст. № 1 түтінтартқыны, ДН 12,5 55 кВт 1000 айн/мин, ЭБ-330 экономайзерді, БЦ 2-6х (4+2) циклонын ауыстырумен, 38 473,23 мың теңге сомаға.

Сонымен бірге, өндірістік қажеттілікке байланысты «Ғаббасов» қазандығында 38 473,23 мың теңге сомасына «Ғаббасов қазандығының № 1, 2, 3 қазандарын қаптауды ауыстыру» жөндеу шарасын енгізу ұсынылды.

2022 жылдың 1 қазанынан бастап 2023 жылдың 30 қыркүйегіне дейінгі кезеңге жылу қуатын жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің бекітілген инвестициялық бағдарламасына сәйкес инвестициялық бағдарламаны іске асыру шеңберінде 5 813,43 мың теңге сомасында жылу желілеріне жылу есептегіш құралдарын орнату бойынша іс-шара енгізілді. Қазіргі уақытта іс-шара жүзеге асырылуда.

Осылайша, аталған шараны жүзеге асыру мақсатында жұмыстарды (қызметтерді) мемлекеттік сатып алу жүргізілді. Алайда, қатысушылардың болмауына байланысты өткізілген байқаулар үш рет өткізілмеді деп танылды (Хабарландырулар, қорытындылар туралы хаттамалар қоса беріледі).

Қазіргі уақытта бір көзден алу тәсілімен аталған қызметтерді кейіннен шарт жасасу және жылу желілеріне жылу есептегіш құралдарын орнату бойынша жұмыстарды (қызметтерді) орындау/көрсету үшін мемлекеттік сатып алу мәселесі шешілуде.

Директордың м.а.  Акимжанов С.С.

